

Мақсат ӘЛІШХАН

**«ҚҰТТЫ БІЛКТЕГІ» ҚҰТ ПЕН БАҚЫТ СЫРЫ**

Статья построена на объяснении счастья со стороны человечества в поэме «Кудатту билгі».

*Yazar "Kutadgu Bılıg" destanındaki bereket ve mutluluğunu manevi bakımdan yeuşmek olduğunun anlatmaya çalışır.*

«Құтадғу білік» сюжетсіз, сұхбатқа құрылған дидактикалық-философиялық шығарма екенін білеміз. Дастанның негізгі мазмұны «Сөз басы: Құнтоғды патша туралы» бағтан басталады. Дастанның ендігі негізгі мазмұны төрт кейішкердің екеуара сұхбатымен жалғасады. Дастанда біршама жүйелі де желілі сюжет бар. Тіпті сюжеттің экспозиция секілді бастауы да бар. Ол – «қылышы қызы, жасы – кәрі» фәни жалған жайы, сол жалғаның бірінде жасаған Құнтоғды бек туралы баяндау. Сөз басының Құнтоғды бек туралы жырмен келуі тегін емес. Құнтоғды кейішкер ретінде де, өзі сипаттаған әділет қасиет жөнінен де өзекті, басты тұлға. Адам мен әлемді асыл, көрікті еткен ақыл-ой да Құнтоғды сипатындағы әділлік қызметшісі. Ақын ойынша, адам болмысы мен қоғам ішінде ақыл-ойдан да артық, асыл – әділет. Мұны ақын әділет сипатындағы Құнтоғдыны бек бейнесінде жырлауымен танытқан. Құнтоғдының адамгершілік болмыс, бейнесі мынадай:

398. Dana, bılğır бек болды бір заманда,  
Сол кез әлем жайнап тұрды һеманда.  
...Әділ ісі кең пейілге сай еді,  
Сөзі таза, көз-көділі бай еді.  
...Өр көңілді, ер жүрек боп ерледі,  
Әділ іспен әр күн сайын өрледі.  
Ел басқарды ылғи ойладап табысты,  
Ынтасты мен саясаты қабысты.  
...Бұ Құнтоғды бар қылышы сай болыш,  
Жарқырайды әлемге күн, ай болыш [1].

Озі әділ, ақылды, тұра жолды Құнтоғды айналасына да өзі секілді әділ, ақылды, білімділерді тартады. Біз дастанның әр бабы, әр жолынан мән-мағына табуға тырысамыз. Ақын да әдеби әр қадамын ақыл-ой, тәлім-тәрбиеге толтырып жасайтындаі көрінеді. Алла ғана кіріштар, мұқтаж емес, өзгенің бәрі де жеке-дара жасауға қабілетсіз. Әділет сипатындағы Құнтоғды да арман-аңсау, қалаусызы емес. Ол өзіне адамдық, бектік ісінде серік болар жан іздейді. «Асыл ізден асылды аласұрап» [2. 52] деп Шекерім ақын

жазғандай, Күнтоғды асыл тегі мен арман-мұратын тоғыстырыш, адам және қоғам бағы мен құтын көздеңген тұра, хақ жолына бет түзейді. Дастанның бүкіл мазмұны Күнтоғдының осы хақ, тұра жолын жырлауға құрылған.

Ақын шығармасының алғашқы беттерінде кеселді қасиеттер қатарында апту мен қаһарды әдейі алғап атап, олардың адамдыққа тигізер залалын қадай жырлағанын білеміз. Үңіліш, мән беріш оқыр болсақ, дастанда осындай өзекті, өрелі ойлар жиі ұшырайды. Ақын ойынша, оқырман, жалпы адамзат білуге тиіс өзекті ойдың бірі – өмірде қапы қалмай сақ болу. Бұл қамшының сабындаі келте, өтшелі өмірде Адам болыш қалуға қатысты мәнді мәселе. Сақтық кісіні өз-өзіне құзетші, қамқорлы етсе, бейғамдық өмір шегі – өлім сәтінде өкінішке ұрындырады.

400. Сақ отырыш, елін сергек басқарды-ай,  
Құт көбейіш, аты болды асқардай.

... Қалма ғашыл, сақ жүргенің оздырар,  
Бейқамдығың екі өмірде аздырар.

... «Елін патша сақ жүргенде сақтайды,  
Сақ жүруді шаригат та жақтайды.

Бейкам адам ұйықташ өтер бекерге,  
Болма қамсыз, сақтану шарт тек ерге».

Бейғам болмай сақ журу бекке ғана емес, әрбір адамға да аудайдай қажет өмір салты, қажет қасиет. Сақ жүрудің мағынасы ауқымды, оның түшкі мақсаты – хақ жолына жәрдемші болу. Хақ жолы көбіне әділлекten бастау алатының байқаймыз. Өйткені ақыл да әділет жолында болыш асыл атанады. Әділет пен қайырым – Жаратуштың хас сипаты. Алла ісі ғана талассыз әділледті. Ол жаратқан пендесі де осы жолда жүріп Иесіне жағымды болмысын жасайды, бақытқа жетеді.

444. Өте жақсы бек болыш аң, жол тану,  
Одан жақсы әділ заңды қолдану.

Бек жақсы бол тура құрса санатын,  
Елде бақыт жаяр еді қанатын.

Ерге жақсы ат қандай бақыт, бел еді,  
Сол атпенен мәңгілік құт келеді.

Дастандағы сюжет-сұхбат барысында көрініс ташқан келесі кейішкер – Айтолды. Ол – құт-береке, дәүлет, бақыт бейнесін сомдаушы тұлға. Оның бұған дейінгі өмірі өзгеден оңаша, оқшаша өткенге ұқсайды. Яғни ол бенделіктің көмәлаты жолындағы тақуа, сопы адам болған. Эйтеуір Айтолды адамдармен етене араласып, қауымымен қауышып, табысыш жүрген адамға ұқсамайды. Бұл оның көрінгенге қона бермейтін, кісікік құттық кейішіне келінкірейді. Бірақ Күнтоғдымен табысадан тартынбайды, қайта оның ізгі

## Әлішхан М. «Құтты біліктегі» құт пен бақыт сыры

даңқын естіген ол үйренишкіті өмір салтын бұзып, Құнтоғдымен табысады тілейді.

455. Айтты бір күн: «Өнерім бар түмендей,  
Мен халықтан жырақ қалдым түгелдей.

Неге жүрмін бұ Жерде бос тұлайым,  
Қой, патшаның қызметін қылайын.

Соған құрбан «өнер-білім» дегенім,  
Бітсін менің осы тәшбіші жегенім.

... Мен ойладым қызметке баруды.

...Бет түзеді патшасына, ол – дана!»

Бұл жолдар – дастан мазмұны мен танымындағы ең мәнді тұжырымдар. Бұл – әділет пен бақыттың бағыттас, туыстас болуының көрінісі. Әдетте әр нәрсені де біршікке жеткізетін – төркіні мен болмысы. Махаббат туралы танымда сүйгенінен тегін, төркінін, өз болмысын тану, табу үғымы бар.

460. Ақыл құның, ақылды адам тән алар,  
Білімді алар білім сатса даналар, –

дегендей, Құнтоғды мен Айтолды, әділет пен құт – бірі бірі үшін жаралған белінбес болмыстар.

Дастан мазмұнымен танысу барысында біз көп нәрсенің сырына қаныға түсеміз. Мәселен, өз үйі, елінен жырақтағы жолаушының күйі мен ондай жаңға қайырым көрсету жайы, жалғыз-жарым жүріп күнелгудің қиындығы окушыға ой салады. Жалпы бұрынғы ойшылдар кіслік қасиет пен қарым-қатынас тек қауымдаған көрініс табатынын көп жазған. Дастан сондай аталы, төркіні терек ойларды негізге алып отырады. Айтолды өмірі де қоғамдасу сәтінен көріктене бастайды.

488. Ол танысып, араласы бастала,  
Мәз боп қалды, тауыш алып баспана.

Дос-жар тауыш жақындауга жарады,  
Үлкен-кіші жүртқа жылы қарады.

Ол әуелі Кесемілігі дос етеді, кейін Ерсінмен танысады, нәтижесінде Құнтоғды бекпен табысады. Айтолды құттың Құнтоғды әділетке жырақ жерден жол азабын тартып, аңсары ауа жетуі – құт-береке, бақыттың әділет пен ізгілікке қонастының, құт пен ізгіліктің егіз екенін танытады. «Бақыт қайда барасың? Ынтымаққа» дегендей, Айтолды құт та әділет сипатындағы Құнтоғды бекті өзі іздең келіп табысады, қызметіне ықыласымен беріледі.

515. Ту жырақтан естіп даңқын, өзін де,  
Билігін де, таным, таза сөзін де.

Келдім оған бір қызымет қыларға,  
Есігіне басымды ұрыш құларға.

Ақын жырауы мен сұхбат барысында бақыт сырғы ашыла түседі.  
Бақыт бақыт емес, жақсылық Бақыт екенін ұғамыз. Әділетсіз ақыл тұл,  
жақсылық, ізгіліксіз Бақыт тұл. Әркез жақсылық жасап жақсы болу оңай  
болмайтыны секілді, бақыттың да тұрақташ қалуы қын. Бақыттың жақсылық  
– кішілік – кіслік екенін тани түсеміз.

335. Бақыт – сайқал: жеткізер де, бұзар да,  
Тез құбылар, тозар құлап құзарға.

Қыл жақсылық, баққа сенбек өшетін,  
Бүгін – мұнда, ергең – онда көштін.

...Қыл жақсылық. Ей, бақыттың иесі,  
Сонда нағыз бақыт – саған тиесі.

Шоқ дәреже, бектік тисе дәйімде,  
Сен өзінді кішілікке дайында.

Ал кішілік – кіслік басы. Адам әдегте мықтымын, құштімін деп  
адасады, менмен болады. Дара, жалғыз, менмендік адам табиғатына сай емес.  
Аллағана жеке-дара құдірет иесі. Ал шын ақыл иесі осы ақықатты таның,  
кішілігін мойындаиды. Адамзаттың шынайы мықтылығы – қайырымында  
болса, ол кішілік – кіслік қасиет, әрекеттерімен қалыптаспақ. Айтолдының  
өзі жалғыз-жарым жүргендеге атын ақташ құт бола алмаған. Оның құттық,  
бақыт болған сипаты Күнтоғды қызыметінде ажарланыш, айқындала түседі.  
Патшаға қызымет ету – елдің қамын жеу, ізгілік жасау. Демек бақыт –  
жақсылық жасау, ізгіліктеге екен. Хажыб арада жүріш Айтолдыны патшаға  
алып баарда оған: «Жұр патшаға, саған бақыт байланы» дейді. Айтолды да  
о баста кішілік- кіслік сара болмысымен ерекшеленетін.

549. Көрді хажыб Айтолдымен сөзге кеп,  
Оны білді «басқалардан өзге» деп.

Деді: «Жұрттың мен көрмеген сарасы,  
Парасат бар, білімі бар, дарасы.

...Мұндей адам сирек болар өте тым,  
Сирек болса, қыздай қымбат өтетін».

Демек Күнтоғды қалауы мен Айтолдының бар болмысы бір-ақ нәрсе.  
Ол – жақсылық пен ізгілік, әділет, яғни кіслік пен адамдық. Құт пен бақыт –  
игілік, ол адам үмтүлатын әрі оның рахатына айналатын нәрсе. Ақын  
ойынша, ең биік, асыл игілік бақыт емес, бақытты танытар әділет пен ізгілік.

## Әлішхан М. «Құтты біліктегі» құт пен бақыт сыры

Ақын барша адамзат жашпай жұмыла үмтүлатын бақыттың – әділет, оның қос қанаты ақыл мен қанағат екенін таныта жырлаған.

Дастан мазмұны танымы сан тарау астарлы ойларға толы. Құт сипатындағы Айтолды әділетті ұстанған Күнтоғды қызметіне бар болмысымен аңсары ауыш жетіп еді, бек алдындағы қасиет, мінезі де мейілінше мәйін, кішіпейіл болатын.

576. Есік алды – менің орным, құл – атым,  
Мен адаммын таза жұмыс қылатын.

Келдім ұзак жол жүрумен арындаш,  
Тұрмын бүгін арманымды орындаш.

Сейтсе де конған құттың қадірін білмей, оның бақытқа тән сипатын танымай, Күнтоғды бек ұстамдылық шегінен шығыш кетеді, киелі құтқа ашу үстінде ауыр-ауыр сөздер айтады. Соңпалық сара санаңын, әділетпен даңқы шыққан Күнтоғды бектің мұлт кеткен жері – осы. Сейтіп ол өзінің пенделік болмысы мен бекке тән өктемдігін танытып қояды.

629. Ашпумен айтты патша: «Жазған! – деді,  
Надан боп қатарынан азған!» – деді.

Бұған дейін мейілінше мәйін, кішіпейіл көрінген Айтолды бұл жолы асқақ, еркін сейледі. Көз алдымызға «Оғызнама» жырындағы Оғыз қағанға өктем, еркін тіл қатқан Көк бөрі елестеп өтеді.

643. Мен түсіндім, – құлді Айтолды, – сеземін,  
Сен айттың гой, тыңда сөздің кезегін.

Айтолды сөзі мен өрекетіндегі оқыс өзгерісті Күнтоғды да байқап қалады: «Тілің өктем сөйлем тұр гой тәкашпар». Айтолды өз болмысын былайша сипаттайды:

659. Айтты Айтолды: «Өнер-білім жетеді,  
Оным жүргің көп қызмет етеді.

Жасым – кіші, ісім – әділ талдасаң,  
Ұлықтар мен бектер өсер қолдасам.

Құлқым – таза, сыртым – сұлу іспетті,  
Бар тілегім орындалды – іс бітті.

Қайда болсам, арызым мен тілегім,  
Орындалар, – оны да өзім білемін.

Менде – рахат, менен бөле қашқақтар,  
Менде – шаттық, қайғы қашып бас сақтар.

Қор боп өлер, маған жау боп тигендер,  
Марқаяды маған басын игендер.

Маган тиген – өзі ұрылар, жан шығар,  
Мені басқан адам өзі жаңшылар».

Барша адамзат әлімсақтан бақыт іздеумен келеді, бақыт пен құт – киелі. Оның қадірін білмеу – кесірлік әрі келтелік. Бақыт – биік әрі жоғары, түскі игілік. Оның айрықпша артық, бөлек болмысын оған біршама жақындаш қана болжаяуға болады. Ал қарашайым көшпілік төңірегі, өз тобынан табылмай, ойы озыш шыққан жандарды таныш-білмек, түсінбек түгілі оларды қасақана қаралауға жиі барады. Қадір-қасиетін көшпілік біле бермейтін киелі құт та сол көп көзімен қарағанда мінсіз емес. Ал шынында құт тұрақсыз, бақ баянсыз болуының сыры адамзаттың ақаулы болмысында жатыр. Яғни адамзат болмысы ақиқат көзі – ақылданғана емес, нәпсі бастауы – тәннен де тұрады. Содан да адамзатта болмысы биік, киесі зор құт пен бақытты өз деңгейінде бағалай алмау орын алады.

670. Айтты Айттолды: «Зиянкессің сен!» – дейді, –  
Еш кінәм жоқ, оған халық сенбейді.

Мін тағады мені адам, – деп, – тұрақсыз,  
Жүр жамандап, тыңдамаңыз бірақ сіз.

Бақыт пен құт – жетілу, жақсылық пен ізгілік, яғни адамдық. Ал адамдық – Жаратушы қалауы, хақ жолы. Нәпсі жолын рахат көріп алданған көп наған тән көзімен өзгені ғана көріп, өресіне симағанды я өзі жете алмаганды осылайша қаралайды. Оларда әр нәрсенің де мәні мен өзегі, ақиқатына жеткізетін ақыл, ой, көңіл көзі оянаған. Оның үстіне адамзаттың қоспа болмысы киелі құттың тұрақташ қалуына мүмкіндік бермейді. Әрі адамзат мұқтаждық пен әр түрлі байланыс, қарым-қатынастың тұтқыншында қалған бейбақ. Жеке-дара, жалғыз-жарым адамзат өкілі бақытқа лайық болғанмен, жағдайы мен заманы, араласқан адамы оның бағын байлауы әбден мүмкін. Осы орайда адамгершілік ілімінің басы болған Аристотель кісілігі кемел адамның да тағдыр тәлкегімен бақытсыздыққа ұшырайтынын жазып кеткен [3]. Осында адамзат ойшылдарының бақ баянсыз, құт тұрақсыз деп түйіндеуі өмір шындығынан туғанын байқаймыз.

680. Қуанба: құт келсе – кетіп қалады,  
Сенбе баққа: бергенін тез алады.

Бақ тұрақсыз емес болса осынау,  
Қандай жақсы өтер еді, досым-ау!

Бақ болмаса келіп-кетер зыр қағыш,  
Күн түнермей тұрар еді нұр жағыш.

Шындығында бақ баянсыз, құт тұрақсыз емес, оларды мәңгілік етуге қабілетсіз адамзат болмысы – ақаулы. Біріншіден, адамзат болмысында ақылдан бөлек, тегі тәмен, тегі тонырақ тән бар. Екіншіден, адамзат алдында хақ жолынан бөлек меммұндалап шақырып затты, тәтті, сәтті, сұлу керініп

## Әлішхан М. «Құтты біліктегі» құт пен бақыт сыры

алдамшы нәпсі түрады. Оған алданбайтын адам сирек, жетегінде кететін тобыр көп. Эйтпесе өз күйі, өз болмысында бақыт биік, құт киелі. Мұны дастаңдағы құт сипатынан байқаймыз:

672. Мін санама мен құбылсам сөзге еріп,  
Жаңа сипат алмақшымын өзгеріш.

...Жаңа нәрсе тапсаң – ескі алғысыз,  
Жақсы тапсаң – жаман назар салғысыз.

684. Айтты Айтолды: «Сөзім осы кесетін,  
Мінезім бар желкиктең есетін.

Ала алмайды мені қуған құстаң,  
Ұстай алса – қалады жел уыстаң.

Мені ұстаған қатып қалса бас алмай,  
Бітті сөзім – мен қалармын қаша алмай.

Байқаганымыздай, Бақыт пен Құт әл-Фараби жазғандай, жетілу, өзгеру, жаңару [4]. Екіншіден, құт желкик мінезді, тұрақсыз ғана емес, қалауын тапса, «мен қалармын қаша алмай» дегендей, опалы да баянды екен. Құт қалауы, бақыт кілті Айтолды құт айтқандай, мынадай:

689. Айтты Айтолды: «Мені ұстайтын кісен-ді,  
Ол – бірнешеу, ол да айтатын іс енді.

Ұстамды адам болсын мені іздеген,  
Көңлі тыныш, тілі майда «Сіз» деген.

Сақтаң өзің, жөнсіз асып-таспасың,  
Татымайтын жаман іске баспасың.

Қолда барды ұстай білсе, шапшаса,  
Іс-қылышын биік ұстаң, аспаса.

Әжетіне үлкендердің жараса,  
Кішілерді жылы сөзбен ораса.

Кеуде керіп жүргітты тапташ кетпесе,  
Кішілерді аяқ асты етпесе.

Бостан-босқа бас салмаса шарашқа,  
Барды шапшай, салып тұрса сараңқа.

Құр ойынға жұмсалмаса тіл мен қол,  
Мінез-құлқы тауыш алса тұра жол.

Баянсыз бақ сырында осы сұрақ бар,  
Осындаі бақ қаша қоймас, тұрақтар».

Сөйтіп осы айтылғандарға қараң дастан мазмұнынан танылар Құттың – кісілік, адамгершілік екенін үғамыз. «Мінез-құлқы тауыш алса тұра жол» дегенді хақ жолы деп білеміз. Ал хақ жолы – ақиқат, даналық пен ізгілік, яғни адамгершілік. Әл-Фарабидің даналық пен ізгілікті жетілу арқылы бақытпен байланыстыратын ойы бар [5]. Адамзат осы жолда тұрақташ қалар болса, бақыт та оған асау мінез танытпас еді. Сөз түйіні дастанда айтылғандай, «Ұстай білсе – бақыт қашшас тұрақтар» [1. 700].

Айтолды бейнесі мен ой-шікірі оқырманды сан түрлі болжамға бейімдейді. Ол өз атының Айға ұқсатылып қойылғанын айтқанда, біз оны етпелі өмірге балайтыннымыз бар. Шынында да адамзаттың әр буыны өз кезегімен өмірге келіш-кетіп жатады.

719. Нұры азайыш, бірге-бірге жоғалар,  
Қайта туыш, тағы аспанды жағалар.

Сөйтіп адамзат үшін Алла аманаты – жанды иеленің, тірі жұрудің өзі өмір, яғни құт екен. Екіншіден, Айдың туған кезде жіп-жіңішке болыш, кейін келе «күнде ұлғайыш, көтеріліш, толуы адамзаттың өз болмысина сай жетілуін ойға оралтады. Үшіншіден, әуелгі жіп-жіңішке Айдың күндер өте ұлғайыш, толысуы адам ақылының жан құмары, қуатымен азықтаның, корлануына үқсайды. Әуелгі жіп-жіңішке Ай әл-Фарабидің потенциалды ақылы мен Абайдың «Әуелде бір сұық мұз» ақылын еске түсіреді. Ал толған Айымызды әл-Фарабише актуалды ақыл, Абайша, нұрлы ақыл деп болжакуға болар. Адамзат ақылын да, адамгершілік жағынан жетілуін де хақ жолында жүріш кемел етеді. Өз болмысина сай болыш, өзін-өзі құрметтей алатын адамзаттың төркін-тегі мен баар жері, мақсаты – хақ, Жаратушы. Ай да өз нұрын Күннен алғаш жарқырайды. Ай Күн секілді мәңгілік жарық болмаса да, Күнге қараң, Күнге жақын жүріш жарқырауын жалғастыра береді. Адамзат та Жаратушы, хақ жолында жүріш асыл болмысын сақтайды. Сөйтіп, дастандағы құт пен бақытты адамгершілік жағынан жетілу деп түйеміз.

#### ӘДЕБІЕТТЕР

1. Жұсіп Баласағұн. Құтты білік. Түркістан, 2002.
2. Құдайбердиев Ш. Шығармалары. А., 1988.
3. Аристотель философиясы. Әлемдік философиялық мұра. А., 2005.
4. Әл-Фараби. Әлеуметтік-этикалық трактаттар. А., 1975.
5. Әл-Фараби. Философиялық трактаттар. А., 1973.

#### REZUME

M. Alipkhan (Turkistan)

**SECRETS OF HAPPINESS AND WEALTH IN “KUTTADGU BILIG”**

The article deals with the secrets of happiness and wealth in “Kutty Bilik” dastan as a developed mankind character.